

2. Чувашова Н.Я. Развитие коммуникативных способностей у детей старшего дошкольного возраста // <http://elar.uspu.ru/bitstream/uspu/2318/1/liv-2014-1-53.pdf>
3. Выготский Л.С. Детская психология. М.: Просвещение, 2015. 432 б.
4. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. М.: Книга по Требованию, 2012. 392 б.
5. Эльконин Д.Б. Психология игры. М.: Книга по Требованию, 2012. 228 б.
6. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание / С.Л. Рубинштейн. СПб.: Питер, 2017.
7. Репина Т.А. Общение детей в детском саду и семье. М.: Просвещение, 2016. 144б.

ӘОЖ 14.23.17

<https://doi.org/10.53355/x1875-5138-1670-x>

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ОҚЫТУДА САНАЛЫЛЫҚ ПРИНЦИПІН НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Урина А. С., педагогика және психология мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші: Абишев Н.А., п.ғ.д., профессор

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: sunny.urina@mail.ru

Мақалада ағылшын тілі пәнін бастауыш сыныптарда оқыту барысында оқытудың саналылық принципін негізге ала отырып оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруға бағытталған тапсырмалар ұсыну ерекшеліктері қарастырылған.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, функционалды сауаттылық, саналылық, дағды, өмірмен байланытыру, әлеуметтік қарым-қатынас.

В статье рассматриваются особенности задания, нацеленных на развитие функциональной грамотности на уроках английского языка, основанная на сознательной деятельности учащихся начальной школы. При обучении английскому языку особое внимание уделяется формированию и развитию коммуникативных способностей - навыков свободного общения и практического применения английского языка. Под функциональной грамотностью понимают способность человека использовать навыки чтения и письма в условиях его взаимодействия с социумом. В данной статье приведены примеры заданий, ведущих к формированию функциональной грамотности на уроках английского языка

Ключевые слова: начальные классы, функциональная грамотность, сознательность, навыки, использовать знания в жизни, социальные отношения.

The article discusses the features of tasks aimed at instilling functional literacy skills in English lessons based on the principle of consciousness. When teaching English, special attention is paid to the formation and development of communication skills - the skills of free communication and the practical use of the English language. Functional literacy is understood as the ability of a person to use reading and writing skills in the context of interaction with society. This article provides examples of tasks leading to the formation of functional literacy in English lessons.

Key words: primary school, functional literacy, consciousness, skills, use knowledge in life, social relations.

Сапалы білім беру үшін мұғалім оқушылардың белсенді әрекетіне негізделген танымдық үдерісін шебер ұйымдастырып, басқаруы тиіс. Ағылшын тілін оқыту барысында да оқытудың негізгі заңдылықтарын ескеру –нәтижелі білім берудің алғышарты.Оқыту принциптерін оқытуға қойылатын негізгі талаптарды анықтайтын жағдайлар деп қарастыруға болады. Педагогикада 40-тан астам оқыту принциптері бар деп қарастырады.

Алайда, олардың өзара байланысы тығыз болғандықтан әр автор әртүрлі классификация ұсынады. Сонымен, жалпылама тұрғыдан негізгі дидактикалық принциптер жүйесі ғылымилық, саналылық пен белсенділік, көрнекілік, жүйелілік пен бірізділік, беріктілік, тиімділік және теория мен тәжірибенің байланыстылығы деп қарастырылады. Соңғы аталған принцип оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдануға бағытталады.

Бүгінгі білім беру саласының басты талаптарының бірі-бастауыш мектеп жасынан бастап функционалдық сауаттылық дағдысын дамыту. А. Леонтьевтің пайымдауынша – “Функционалды сауатты адам – өзінің өмір бойы алған білімі, дағдысы мен шеберлігін барынша кең ауқымда өмірдің түрлі жағдайларында, қарым –қатынаста, әлеуметтік қатынаста қолдана білетін – адам”.

Ағылшын тілі сабағында оқушылар алған білімін мектеп қабырғасынан тыс жерде қолдану дағдысын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсыну оқушылардың сөздік қорының кеңеюіне, есте сақтау қабілетінің артуына және жалпы дүниетанымының артуына ықпалы зор. Дегенмен сабақ барысында өмірмен байланысты сөз үйрету үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру маңызды. Балалармен жайбырақат әңгіме барысында айтылған сөздер, мысалдар және оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибиесіне сүйенген немесе алынған мәліметтер жаңа білімді меңгеруде өте құнды.[1,556.]

Тілді жақсы меңгеру үшін бастауыш сыныптарда тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларының негізін берік қалыптастыру қажет. 1-сыныптарда тыңдалым дағдысы мен айтылым дағдысын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынуға басымдық беріледі. Оқушыларда жағымды эмоциялар тудыратындай ойындар, ерекше суреттер және басқа да аудио-визуалды ақпараттар жиірек қолданылуы, мұғалімнің өз тарапынан тек ағылшын тілінде сөйлеп, таныс емес сөздерді таныстыру барысында ым-ишараны тиімді қолдануы оқушылардың тілдік орта жасаудың оңтайлы жолы болып табылады. Бұндағы негізгі мақсат ағылшын тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне оқушылардың назарын аудару. Кейбір дыбыстардың қазақ тіліндегі дыбыстармен ұқсастығына көңіл аудару айтылым дағдысының негізі мықты қалануына өз септігін тигізеді сөзсіз. Фонетикалық ойындар, Бастауыш сыныпта ағылшын тілінен қарапайым сөйлемдер құру, сұрақ қою, қойылған сұрақтарды түсініп сұрақтарға жауап беру Қарапайым сөйлем құрау тапсырмасын бермес бұрын, тақырып бойынша сөздерді таныстырып, олардың оқушы санасында заттар немесе басқа да құбылыстардың атауларына ұқсастығына оқушылардың назарын аударып отыру сол сөзді терең түсініп, оңай есте сақтау әдісі бола алады. Оқылым дағдысы 2-сыныптарда сөздерді оқу, қарапайым қысқа сөйлемдер құру, сұрақтар қою және рөлдік ойындар арқылы іске асырылады. Сонымен қатар, шағын жоба жасау және де CLIL(Content Language Integrated Learning) тапсырмаларын орындайды. CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі. [2, 63-796.]

3-сыныптардағы ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту жүзеге асып отырады. Дегенмен де оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Айтылған сөздерді суреттермен байланыстырып, реттілігін анықтауға берілген практикалық тапсырмалар ұсынылады. Осылайша сөздердің оқушының санасында бейнесі қалыптасып, есте сақталынады. Активті сөздік қоры бола бастайды.

4-сыныптарда ағылшын тілін үйрету барысында көбінесе әндерді, рөлдік ойындарды жиі қолдану — тілдік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерінен құрап

үйренуге, оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында, рөлдерге бөліп оқығанда оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жоба әдісін ағылшын тілі пәні сабақтарында қолдану арқылы айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын бірден дамытуға қолайлы. Жоба тақырыбын анықтау оқушылардың өз қызығушылығына орай педагогтің көмегімен тақырып таңдайды, жоспар құрады, зерттейді, ата-анасының немесе мұғалімнің көмегімен әдебиет оқып, талдайды, жоспар арқылы жобаны жүзеге асырады. Бастауыш мектеп қабырғасынан бастап ғылыми жұмыспен шұғылданып, зерттей білуге үйренеді. Сонымен қатар, оқушыда шыдамдылық, жүйелі жұмыс дағдысы пайда болып, өзіндік іздену дағдысы қалыптаса бастайды. Ағылшын тілінде теориялық алған білімді бала практикалық жүзінде өмірде қолдануға үйренеді.

Жаңа сөздерді қайталау кезінде оқушының сөздерді дұрыс айтуына, қолдануына көбірек көңіл бөлуіміз керек. Егер өткен тақырыптар бойынша меңгерілген жаңа сөздер мезгіл-мезгіл қайталатып отырса, жадыда ұзақ мезгіл сақталынады. Себебі, осындай қайталау кезінде қателіктерді елемеу оқушының шатасуына әкелуі мүмкін. Алынған ақпарат барған сайын дәл және толық болғанша, қайталау процессі еске түсіруді жақсартады. Алайда, егер естеліктер толық емес немесе дұрыс болмаса (оқығаны қалпына келтіру әрекеттері кезінде туындаған кедергі салдарынан), біздің есімізде бастапқыда болған нәрсе болмауы мүмкін. [3, 42 б.]

Жаңартылған бағдарлама мәнмәтіні ағылшын тілі сабақтарының басым бөлігі тек ағылшын тілінде, яғни ешқандай аудармасыз мұғалімнің айтқан сөзін түсінуге дағдыландыруға негізделініп отыр. Бұл Г. Пальмер негізін қалап кеткен Тура әдістің негізгі ерекшелігі мынадай:

1) Шет тілін оқытудың негізгі бағыты – тәжірибелік, яғни, бірінші орынға ағылшын тілінде сөйлеу қойылуы;

2) Тілді үйрету ісінде аударманың өте аз мөлшерде, керісінше, ауызша – жазбаша жаттығулардың көп қолдануы;

3) грамматиканы оқытуда индуктивтік әдістің қолдануы (грамматикалық әдісте грамматикалық ереже бірінші беріліп, жаттығулар орындалады, ал бұл әдісте әуелі жаттығулар оындалып, содан кейін грамматикалық тұжырым жасалады).

4) Айтуды үйренуге үлкен көңіл бөлінеді.

5) Мәтіндердің мазмұнына, әсіресе, тақырыпқа байланысты мәтіндер құрасытыруға назар аударылады.

Бұл әдістің тура әдіс деп аталуының себебі – шет тілін оқытуда, шет тілімен меңгерілетін түсініктің арасындағы байланыстың тура болып, өзге тілде басымдық берілмеуінде. [4, 483.]

Бастауыш мектеп оқушыларының ағылшын тілі сабақтарында функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келуде. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру біртұтас әдістемелік жүйенің жасалуын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұны оқушының функционалдық сауаттылығына негізделіп, сынып сайын күрделендіріліп отыру керек.

Ағылшын тілі сабақтарында бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Burns, A. 2003 Reading practices: From outside to inside the classroom. TESOL Journal 12 (3), 18-23
2. Баддели, А., Эйзенк, М. В., & Андерсон, М.С. (2010). Жад. Альянс
3. Harmer J. How to teach English. An introduction to the practice of English language teaching /J. Harmer// Edinburg: Gate Longman.-2000.-P.198.
4. Dorn L. J., and C. Soffos 2005. Teaching for deep comprehension: A reading workshop approach. Portland, ME: Stenhouse

УДК 371.225

<https://doi.org/10.53355/p4200-5103-0121-v>

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Чинарбаева К. Т., I курс магистранты

Ғылыми жетекші: Капенова А. А., қауымдастырылған профессор (доцент), п.ғ.к.,
I. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: kamshat_191094@mail.ru

Қазіргі таңда бұл тақырып қоғамның өзекті мәселелерінің біріне арналған, өйткені қарқынды дамып келе жатқан әлем педагогикалық кадрларды даярлауға сапалы жаңа талаптар қойып отыр. Маманнан жоғары кәсібилік пен құзыреттілік, ұтқырлық, кәсіби бейімделу қабілеті, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыру талап етіледі. Қазақстандық педагогикалық білім беруді реформалаудың мақсаты оның тиімді және қарқынды жұмыс істеу механизмін құру болып табылады. Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі сипатталып, негізгі қызметі жайлы айтылады. Бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілік деңгейлері көрсетіліп, осы ұғымның анықтамалары сараланып, мазмұны ашылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің компоненттеріне тоқталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби құзыреттілікке баули отырып қазіргі таңдағы маңызға ие болып тұрған басқарушылық құзыреттілігінің қалыптастыру жолдары сөз етіледі.

Тірек сөздер: құзыреттілік, мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі, бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілік құрылымы, мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері, мұғалімнің тұлғалық қасиеттері.

Сегодня этой теме посвящена одна из самых актуальных проблем общества, так как стремительно развивающийся мир предъявляет новые качественные требования к подготовке учителей. От специалиста требуется высокий профессионализм и компетентность, мобильность, способность к профессиональной адаптации, постоянное самосовершенствование. Целью реформирования казахстанского педагогического образования является создание механизма его эффективной и интенсивной работы. В данной статье описаны управленческие компетенции будущих учителей начальных классов и описаны их основные направления деятельности. Указаны уровни управленческой компетентности учителя начальных классов, проанализированы определения этого понятия и раскрыто содержание. Акцентируется внимание на компонентах профессиональной компетентности педагога. Будут рассмотрены пути формирования актуальных сегодня управленческих компетенций, привлекающих к профессиональной компетентности будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: компетентность, управленческая компетентность учителя, структура управленческой компетентности учителя начальных классов, важные профессиональные качества учителя, личностные качества учителя.